



031000, Жарсай ауылы,
Сауран көшесі, 15
Телефон: 8 (71341)73-8-48

031000, село Жарсай
Ул.Сауран , 15
Телефон: 8 (71341) 73-8-48

Бұйрық № 1

2022 жылғы «31» тамыз

«31» август 2022год

**Білім беру ұйымында
2022-2023 оқу жылының
бастауын, ұзақтығын және
каникул кезеңдерін
айқындау туралы**

Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 25 тамыздағы «Білім беру ұйымдарында №363 бұйрығына сәйкес, 2022-2023 оқу жылының басталуын, ұзақтығын және каникул кезеңдерін айқындау мақсатында


БҰЙЫРАМЫН:

1. Білім беру ұйымында 2022-2023 оқу жылының басталуы, ұзақтығы және каникул кезеңдерінің мынадай мерзімдері айқындалсын:
 - 1) 2022-2023 оқу жылының басталуы – 2022 жылғы 1 қыркүйек;
 - 2) Оқу жылының ұзақтығы 1-сыныптарда-35 оқу аптасын, 2-9 сыныптарда -36 оқу аптасын құрайды.
 - 3) Оқу жылы ішіндегі каникул кезеңдері: 1-9 сыныптарда: күзгі каникул – 7 күн (2022 жылғы 31.10-06.11.2022 аралығында), қысқы каникул – 9 күн (2022жылғы 31.12-08.01.2023 аралығында), көктемгі -9 күн (2023 жылғы 18.03-26.03 аралығында); 1-сыныптарда: қосымша каникул-7 күн (2023 жылғы 06.02-12.02 аралығында).
2. Осы бұйрықтың негізінде жұмыс жүргізу оқу ісі жөніндегі орынбасары М.А Урындбаевқа жүктелсін.
3. Осы бұйрықтың орындалуына басшылық пен бақылау жасауды өзімнің құзырымда қалдырамын.

Мектеп директоры:



А.С Абдрахманова



031000, Жарсай ауылы,
Сауран көшесі, 15
Телефон: 8 (71341)73-8-48

031000, село Жарсай
Ул.Сауран, 15
Телефон: 8 (71341) 73-8-48

Бұйрық № 25

«21» апреля 2023 год

2023 жылғы «21» сәуір

2022-2023 оқу жылын аяқтау
және орта білім беру ұйымдарында
білім алушыларды қорытынды
аттестаттаудан өткізу мерзімдерін
бекіту туралы

Қазақстан Республикасының Оқу –ағарту министрінің 2023 жылғы 17 сәуіріндегі №88 бұйрығына,
Ақтөбе облысының білім басқармасының «2022-2023 оқу жылын аяқтау және орта білім алушыларды
қорытынды аттестаттаудан өткізу мерзімдерін бекіту туралы» бұйрығына сәйкес білім беру ұйымында
2022-2023 оқу жылын ұйымдасқан түрде аяқтау мақсатында

БҰЙЫРАМЫН:

1. Білім беру ұйымында оқу сабақтары 2023 жылғы 31 мамырда аяқталсын.
2. 9-сыныптарда білім алушылардың қорытынды бітіру емтихандары 2023 жылғы 2-13 маусым аралығында өткізілсін.
3. Қорытынды аттестаттауды өткізудің мынадай мерзімдері бекітілсін:
9-сынып оқушылары үшін:
 - 1) Қазақ/орыс тілі бойынша (оқыту тілі) эссе нысанында жазбаша емтихан, гуманитарлық цикл пәндерін тереңдетіп оқытатын мектептер үшін – жазбаша жұмыс (мақала, әңгіме, эссе) – 2023 жылғы 2 маусым;
 - 2) математика (алгебра) бойынша жазбаша емтихан (бақылау жұмысы) – 2023 жылғы 6 маусым;
 - 3) орыс тілінде оқытатын сыныптарда қазақ тілі мен әдебиеті бойынша жазбаша емтихан (мәтінмен жұмыс, мәтін бойынша тапсырмаларды орындау) және қазақ тілінде оқытатын сыныптарда орыс тілі мен әдебиеті бойынша жазбаша емтихан (мәтінмен жұмыс, мәтін бойынша тапсырмаларды орындау) - 2023 жылғы 13 маусым;
4. Білім беру ұйымында осы бұйрықпен, «Білім беру, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары үшін білім алушылардың үлгеріміне ағымдағы бақылауды, оларды аралық және қорытынды аттестаттауды өткізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 18 наурыздағы №125 бұйрығының талаптарына сәйкес оқу жылының аяқталуын қамтамасыз ету талап етілсін.
5. Осы бұйрықтың орындалуы оқу ісі жөніндегі орынбасары М.А Урынбаевқа талап етілсін.
6. Осы бұйрықтың орындалуына басшылық бақылау жасау өзімнің құзырымда қалдырамын.

Мектеп директоры



А.С.Абдрахманова